

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ермаханова Жанар Акбаровнаның «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Омарқұлов Бауыржан Кәденұлының

### **ШКІРІ**

#### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы**

Еліміздің демографиялық көрсеткіштерінің, яғни тұрғындардың саны (18 млн.-нан аса) мен олардың өмір сүру ұзақтығының (72,5 жас) артуы, медициналық көмекке сұраныстың артуына ықпал етеді. Тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев алдына қойған әлемнің 50 бәсекеге қабілетті, ары қарай 30 дамыған елдер қатарына Қазақстанның енуі бойынша міндетті жүзеге асыру үшін, бастапқы мақсат - халық денсаулығы болып саналатынын, ал, денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық - алғашқы медициналық көмекті дамыту екенін нақтылап көрсетті.

Халықтың қартаюуы мәселелері қоғамның әрдайым жіті назарында қарастырылады. Тұрғындардың әлемдік демографиялық құрылымында егде жастағы адамдар үлесінің тұрақты түрде өсуі қарттық пен қартаюу, қоғамның дамуында егде жастағылардың орнының өзгеруі туралы жаңаша көзқарасты қалыптастырады.

Еліміздегі демографиялық жағдайды барынша жақсарту және бейінді медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру денсаулық сақтау жүйесінің алдында тұрған маңызды міндет болып табылады. Елді мекендердегі тұрғындардың демографиялық жағдайына әлеуметтік маңызы үлкен жүрек-қан айналым жүйесі ауруларынан туындайтын мүгедектік пен өлім оқиғаларының жылдан жылға арта түсуі байқалады. Еңбекке жарамды жастағы тұрғындар арасында (ЖИА) мен (ЖМҚБ) барлық өлімнің 80%-н құрайды. Ал, егде және қартайған адамдардың мүгедектікке және өлімге ұшырау көрсеткіштерінің құрамындағы жүрек-қан айналу жүйесі ауруларының үлес салмағы 54%-дан 65% -ға дейін жететіндігі байқалады.

Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, емдеу-профилактикалық ұйымдар жүйесі осы күнге дейін ЖИА кезінде бейінді және сапалы көмекпен және оның толық қол жетімділігімен қамтамасыз ете алмай отыр. Бұл жағдай әсіресе, емханалық көмек беру жүйесінде орын алған. Амбулаторлық-емханалық ұйымдарда, жедел медициналық жәрдем беру жүйесінде және кардиологиялық орталықтарда аталған кемшіліктердің орын алғандығын

көрсетеді. Сондықтан, осы ауруларға байланысты медициналық көмек сапасын зерттеудің және орын алған кемшіліктерді шешудің маңыздылығы өте үлкен. Елімізде қазіргі таңда тері арқылы коронарлық тамырлық емшара өткізу мүмкіндігі бар 27 орталық жұмыс жасаса, оның ішінде 21 медициналық ұйымдар аптасына 7 күн 24 сағат режимінде көмек көрсетеді. Аталған кардиологиялық орталықтарда тері арқылы коронарлық тамырлық емшара миокард инфарктысымен науқастарға 2010 жылы 8,5% - дан 2017 жылы 47,2% - ға дейін артқанына қарамастан, ST сегментінің жедел көтерілуімен миокард инфаркты жағдайында 17,4%, ST сегментінің көтерілуінсіз миокард инфарктымен жағдайда 48,2% жағдайда инвазивті ем жасалмаған. Жедел коронарлық синдром және миокард инфаркты кезінде пациенттердің барынша көп санына қолжетімділігін кеңейту мүмкіндіктері халықтың орналасуының төмен тығыздығымен, елді мекендер арасындағы үлкен қашықтықтармен, өңірлердің климаттық ерекшеліктерімен шектеледі

Ермаханова Жанар Акбаровнаның ғылыми еңбегі Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында қалыптасқан қарт және егде жастағы тұрғындардың аймақтық қалыптасу заңдылықтарын анықтауға және олардың орташа өмір сүру ұзақтығын тежейтін және өлім оқиғаларын арттыратын негізгі қатерлі элеуметтік-гигиеналық, медициналық – ұйымдастырушылық себептерін нақты анықтауға бағытталған жұмыс. Сондықтан, Қазақстан Республикасының жеке аймақтарында қарт және егде тұрғындардың демографиялық сипаттамасын, тұрғындардың құрамында алатын үлес салмағы мен олардың элеуметтік-медициналық ерекшеліктерін анықтап, нақты профилактикалық бағдарламалардың ғылыми негізін жасауға болады.

Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің гранттық қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларының аясында «ОҚО еңбекке қабілетті жасынан асқан халыққа біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» атты жоба 23.06.2015 жылы №15/1164 нөмірімен тіркеліп, 01.04.2015-01.04.2017 ж.ж. аралығында Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысының аудандары мен қалаларының жергілікті амбулаториялық-емханалық мекемелерінде жүргізілген және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының 2-міндеті «Аурулар профилактикасы мен басқаруды жетілдіру» бағытында орындалған.

## **2. Диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми нәтижелер**

Диссертациялық жұмыс келесі бөлімдерден тұрады: кіріспе, әдебиеттік шолу, зерттеудің материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, сырқаттылық көрсеткішін салыстыру, егде және қарт жастағы тұрғындарға БМСК ұйымдарында көрсетілетін кардиологиялық қызмет жүйесін жетілдіру

үлгісін негіздеу және ұйымдастырудың тиімділігін бағалау, қорытынды, тұжырым, тәжірибелік ұсыныстар, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар. Диссертациялық жұмыс 131 беттен, 5 тараудан тұрады. Диссертацияда 17 кесте, 13 формула, 37 сурет, 227 әдебиет көздерінен алынған мәліметтер, оның ішінде: алыс шетел әдебиеттері - 58, ресей және жақын шетел әдебиеттері - 121, отандық әдебиеттер - 48 және 3 қосымша ұсынылған. Әдеби шолуды толық зерделеу арқылы, тақырыптың өзектілігі заманауи талапқа сай айқындай түскен.

Зерттеу бағдарламасының негізін тұрғындардың денсаулығын анықтаудың кешенді әдісі түзеді. Ғылыми зерттеу жұмысы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің гранттық қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларының аясында «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан халыққа біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» атты жоба 23.06.2015 жылы №15/1164 нөмірімен тіркеліп, 01.04.2015ж. - 01.04.2017ж. аралығында Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысының аудандары мен қалаларының жергілікті амбулаториялық-емханалық мекемелерінде жүргізілген. Зерттеу жұмыстары 5 кезеңде жүзеге асырылған.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері толық орындалған. 2017 жылы егде және қарт жастағы тұрғындар арасында жүргізілген көлденең обсервациялық социологиялық зерттеу жұмысы стандартталған халықаралық SF-36 сауалнамасын қолдану арқылы жүзеге асырылған. Таңдау көп сатылы типологиялық және кездейсоқ жолмен жүргізілді. Типологиялық әдіспен Оңтүстік Қазақстан облысының 7 ауданының, оның ішінде: Түркістан ауданы, Ордабасы, Отырар, Төлеби, Мақтарал, Қазығұрт, Сайрам, Арыс, Созақ, Шардара, Сарыағаш аудандары мен Түркістан және Кентау қаласы тұрғындары қамтылған. Таңдалған аудандарда аудандық орталық емхана әлеуметтік сауалнама жүргізу үшін базалық орталық ретінде қарастырылған. Таңдау санын есептеу Epi-info ақпараттық есептеу бағдарламасы арқылы есептелген.

Емдеу профилактикалық ұйымдарындағы аурулардың арасындағы ең жиі таралған жүрек қан тамырлар ауруларының таралуы және өлім көрсеткіштеріне тигізетін әсерін бағалау математикалық модельдеу арқылы жүргізілген. Осы әдісті қолдану арқылы жүрек қан тамыр жүйесі ауруларынан туындайтын аурушаңдық пен өлім көрсеткішін салыстыра отырып, кардиологиялық көмектің қолжетімділігі мен арнайы мамандармен қамтамасыз етілуін бірінші кезекте қажет ететін аудандар қатары анықталды. Зерттеудің соңғы кезеңінде егде және қарт жастағы тұрғындардың өмір сапасы мен денсаулығын күшейтуге, оның ішінде жүрек қан тамыр жүйесі ауруларының біріншілік және екіншілік профилактикасына бағытталған ұсыныстар құрастырылды.

Автордың жеке қатысуы: зерттеу жұмысының өзектілігі бойынша әдебиеттерге шолу, мақсаты, міндеттері мен бағдарламасын құрастыру және

ұйымдастыру, жүзеге асыру барысында сауалнамалар жүргізу, жинақталған нәтижелерді статистикалық өңдеу, алынған мәліметтердің қорытындыларына сүйене отырып, талдау, тұжырымдар және ұсыныстар дайындалды. Алынған мәліметтердің нәтижелерін ғылыми конференциялар мен баспаларда жариялады.

Қорыта келе, диссертациялық жұмыс Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD диссертациялар талаптарына сай.

### **3. Диссертацияда қалыптастырылған нәтижелер мен қорытындылардың дәлелділік және деректілік деңгейі**

Диссертацияда қалыптастырылған нәтижелер мен қорытындылардың дәлелділік және деректілік деңгейі ғылыми қорытындылардың әртүрлі критерийлер бойынша топтардың салыстырмалы статистикалық өңделуі мен материалдың репрезентативтілігімен дәлелденеді. Барлық алынған сандық және сапалық мәліметтер келесі статистикалық зерттеу әдістері бойынша талданған: динамикалық қатар әдістері, Пирсон, Хи-квадраты, Стьюденттің t-критерийі, Пирсон және Спирмен корреляциялық сараптау әдістері және математикалық модельдеу.

Бірінші міндет, Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысының емдік мекемелерінің статистикалық есеп беру формалары: Ф-12, 30, С-42, С-51, 2-РСН, РМАСО – ның медициналық статистикалық жиынтықтарының жылдық шығарылымдар, амбулаторлық науқастың медициналық картасы (Ф-025/у) талдау арқылы, зерттеу аумағында егде және қарт жастағы азаматтардың жалпы тұрғындардың құрамындағы үлес салмағы (1991 жылы 9,72%-дан 12,94% дейін артты) динамикалық тұрғыда тоқтаусыз өсім беруде. Осы әлеуметтік топтың аурушандығы жалпы тұрғындардың аурушандық құрамындағы үлес салмағын 1,65% - ға, мүгедектіктің 1,79% - ға, ал өлім көрсеткішінің 1,39% - ға жоғарылатқан.

Екінші міндет, халықаралық стандартталған, ДДСҰ SF – 36 формадағы сауалнамасын қолданып, статистикалық өңдеп, қорытындысы бойынша Қала тұрғындарының физикалық- «PF», рольдік – «RP» және әлеуметтік – «SF» қызметтерінің көрсеткіштері ауыл тұрғындарымен салыстырғанда, 5,7, 9,7 және 22,4 балға жоғары шықты. Сонымен қатар, ауыл тұрғындары қала тұрғындарымен салыстырғанда, ауырсынуды қарқындырақ сезетіні («BP» - 4,2 балға жоғары) байқалды. Зерттеу нәтижесінде созылмалы аурулармен сырқаттанатын тұрғындардың ӨСС көрсеткіштері, әсіресе, физикалық қызмет көрсеткіштері төмен мәнге ие болды.

Үшінші міндет, Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысы бойынша 1 ОҚО эндоваскулярлық орталығы, 4 аудандық ауруханалар, Түркістан, Сарыағаш аудандық денсаулық ұйымдарының статистикалық есеп беру формаларын талдау және статистикалық өңдеу нәтижелері арқасында жалпы

аурушандық көрсеткіштерінің құрамында қан айналу жүйесінің аурулары бірінші рангалық орында екені (34,7%), еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың мүгедектік көрсеткіштерінің құрамындағы жүрек пен қан айналым жүйесі ауруларының үлес салмағы 52,35% құрады. Еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың өлім көрсеткішінің құрамында жүрек пен қан айналым жүйесі ауруларының үлес салмағы 60,93% дейін жеткен.

Төртінші міндет, енсаулық ұйымдарының статистикалық есеп беру формаларын талдау және статистикалық өңдеу нәтижелері және көп себепті математикалық модельдеу әдісі арқасында арнайы төсекпен жабдықталуы 10000 адамға шаққанда 5,0, кардиологтармен қамтамасыз етілу 0,3, жоғары санатты кардиолог дәрігерлердің үлесін 70% арттырғанда, ЖИА болатын аймақтық жоғары өлім көрсеткішін 74%, ал ЦВА -дан болатын өлім көрсеткішін 46% азайтуға болатыны анықталды. 2016-2018 жылдары егде және қарт жастағы аурулар арасында жүргізілген реабилитациялық шаралардың тиімділігі осы әлеуметтік топтағы жалпы өлім көрсеткішін 1652,87 – дан 1577,99-ға дейін, яғни 4,5% -ға дейін төмендетті.

#### **4. Диссертацияда қалыптастырылған ізденушінің әрбір ғылыми нәтижелерінің, тұжырымдамаларымен қорытындыларының жаңалық дәрежесі**

Диссертациялық еңбекте тұжырымдалған нәтижелер мен шешімдер ғылыми жаңалықтарға ие.

Оңтүстік Қазақстан облысы аудандарында еңбек ету жасынан асқан тұрғындарына медициналық көмек сапасын жақсарту мақсатында жаңа БМСК ұйымдарында профилактикалық шараларды жетілдіру моделі және БМСК ұйымдарында еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындардың денсаулығын қамтамасыз ету моделдері ұсынылды және денсаулық сақтау мекемелерінде енгізілді.

Еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындар арасында жүрек қан айналым жүйесі ауруларының басымдығымен және осы аурулардың салдарынан дамитын ауыр мүгедектік көрсеткіштерінің артуына байланысты, аймақтың ұзақ мерзімді емдік - алдын алу бағдарламаларын және осы топ тұрғындарының арасында жиі ұшырайтын ауруларды ескере отырып, олардың денсаулығын нығайтуға бағытталған іс-шараларды оңтайландыру бағдарламалары құрастырылды. Еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың әлеуметтік-медициналық мәселелерін дер кезінде шешу мақсатында гериатриялық көмекті Республикалық Денсаулық сақтау Министрлігі ұсынған нормативтерге сай реттеу қажеттігі анықталды және осы әлеуметтік топтың арасындағы өлім оқиғаларына негізгі себеп болатын жүрек-қан айналу жүйесі ауруларының қатерлілігі анықталып, олардың өмір сүру ұзақтығын арттыратын инновациялық әлеуметтік-гигиеналық, медициналық - ұйымдастырушылық шаралар жүйесі белгіленген. Жүрек-қан айналу жүйесі ауруларын ерте даму кезеңінен анықтауға, сапалы

емдеуге және реабилитациялауға арналған технологияларды ауылдық жерлерде енгізу деңгейі зерделеніп, анықталған.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі өзара біртұтастығын бағалау.**

Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен қағидалары өзара байланысты және ішкі тұтастықпен сипатталған. Әдебиетке шолу мен зерттеу нәтижелері бір – бірімен өзара байланысқан. Зерттеу нәтижелері диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Олар бір-бірімен логикалық байланысты. Бастапқыда егде және кәрі жастағы тұрғындардың демографиялық сипаттамасы жасалып, тұрғындардың құрамында алатын үлес салмағы белгіленді. Олардың орташа өмір сүру ұзақтығын тежейтін және өлім оқиғаларын арттыратын негізгі қатерлі әлеуметтік-гигиеналық, медициналық – биологиялық себептер анықталса, екінші, үшінші, қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындардың өмір сүру сапасы мен орташа өмір сүру ұзақтығына тікелей әсер ететін негізгі факторлар мен аурулардың алдын алу үшін ұйымдастыру барысы қарастырылды. Төртінші міндетте өлім оқиғаларына жиі себеп болатын жүрек-қан айналу жүйесі ауруларының қатерлілігі анықталып, олардың өмір сүру ұзақтығын арттыратын инновациялық әлеуметтік-гигиеналық, медициналық- ұйымдастырушылық шаралар жүйесі белгіленді.

Диссертанттың ғылыми еңбегінің бір бүтін құрылымын осы нәтижелердің іштей біртұтастығы айқындап отыр.

#### **6. Алынған нәтижелердің өзекті мәселені шешуге бағыттылығы**

Жанар Ермаханованың диссертациялық жұмысын сараптай келе, оның мақсаты мен міндеттері еңбек ету жасынан асқан Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының арасындағы жүрек қан тамыр жүйесі ауруларының деңгейінің тоқтаусыз өсуінен науқастардың өлімге ұшырауына алып келетін негізгі қауіпті себеп ретінде жүрек қан тамыр жүйесі ауруларының дұрыс және дер кезінде анықталмауы екендігін нақты дәлелдермен келтірілген. Сондықтан, осы науқастардың арасында қалыптасқан өлім оқиғаларының көп жылдық динамикасы жоғарылап жатқаны белгілі. Бұл өзекті мәселені шешуге бағытталған ұсыныстар гериатриялық және кардиологиялық қызметтің міндетті түрде облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық амбулаторлық-емханалық ұйым дәрігерлерімен бірігіп, жұмыс істеу керектігін дәлелдейді.

Зерттеудің қол жеткізген нәтижелері еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындар арасында жүрек қан тамыр жүйесі ауруларының қалыптасуына қосатын үлес салмағын төмендетуге, оған қоса, гериатриялық қызмет пен тұрғындардың орташа өмір сүру ұзақтығын арттыруға арналған аса өзекті мәселені шешуге бағытталған.

## **7. Диссертациялық еңбектің бекітілген қол жеткізілген нәтижелері мен қорытындылары**

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері Scopus дерекқор қатарына кіретін шетелдік «National Journal of Physiology, Pharmacy and Pharmacology», «Drug Invention Today», Electronic Journal of General Medicine» атты ғылыми-тәжірибелік журналдарында 3 мақала, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарында 4 мақала жарияланды. 1 тезис алыс шетелдік Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияда баяндалды, басылымында жарияланды «International occupational and environmental diseases congress, 27-29th March, 2017 in Antalya, сонымен бірге 6 тезис Қазақстандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарына енді. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 1 оқу құралы Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) мамандықтар тобы бойынша ҚР БжҒМ РОӘК ОӘБ отырысында оқу құралы ғылыми - медициналық сараптамасына және терминком қорытындысына негізделіп мақұлданып (№7 хаттама, 1 қараша 2018 жыл) баспаға жарияланған. 1 оқу құралы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің сенат отырысында бекітіліп, баспаға ұсынылып, жарияланған.

## **8. Аннотацияның диссертацияның мазмұнына сәйкестігі.**

Зерттеу жұмысының аннотациясы зерттеу жұмысының мазмұнымен толық сәйкес және қазақ, орыс, ағылшын тіліндерінде жазылған.

## **9. Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеуі бойынша кемшіліктері**

Диссертацияның мазмұны мен рәсімдеуі 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін PhD диссертациялар талаптарына сай.

Диссертациялық жұмыстың орындалуы және мазмұны бойынша ғылыми дискуссия ретінде автордың түсіндіруін талап ететін бірқатар сұрақтар мен ескертпелер бар:

1. Диссертациялық жұмыста ҚР-ғы 2018-2022 жылдарға медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсетуді дамытудың негізгі бағыттары бекітілген құжат қарастырылмаған, және пайдаланылған әдебиеттер қатарында көрсетілмеген, тек нормативтік сілтемелер қатарында бар (ҚР ДСМ-ң 2018 жылғы 27 шілдедегі №461 бұйрығы «ҚР-ғы 2018-2022 жылдарға медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсетуді дамытудың негізгі бағыттары»).

2. Диссертациялық жұмыста нормативтік – құқықтық актілердің қолдану жылдары қате көрсетілген (3, 125 беттер).

3. Жұмыстың зерттеу материалдары және әдістері бөлімінде зерттелушілердің мүгедектік бойынша көрсеткіштерін қандай базадан және

дерек көзінен алғаны түсініксіз, себебі ҚР еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменттерінде «Мүгедектердің орталықтандырылған мәліметтер базасы информациялық жүйесі қоданылады, медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету деңгейіндегі ұйымдарда 088/у формалары, яғни медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдама толтырылады. Мәліметтер қандай базадан және дерек көзінен алынды және талданды?

4. Сіздің зерттеу жұмысыңыздың нәтижесі бойынша біріншілік мүгедектіктің құрылымында қан айналым жүйесі ауруларының үлес салмағы қандай? Жоғарлауы не төмендеуі байқалса, себептері қандай?

5. Сіз ұсынған «БМСК ұйымдарында профилактикалық шараларды жетілдіру моделінің» (сурет 36, 102 бет) тәжірибелік тиімділігі қалай анықталды?

6. Диссертациялық жұмыста грамматикалық, орфографиялық, пунктуалдық қателер және «біріншілік медициналық-санитарлық көмек» тіркесінің әртүрлі баламалары кездеседі, ол тексттің стилистикалық ақауын тудырады.

## 10. Қорытынды

«Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» тақырыбындағы Ермаханова Жанар Акбаровнаның диссертациялық жұмысы өзектілігі, зерттеу мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы, алынған нәтижелері, талаптарға сай орындалғандықтан 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылған талаптарға толығымен сәйкес, ал автор PhD дәрежесіне лайықты деп есептеймін.

### Пікір беруші:

**«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ-н  
қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіптік  
денсаулық институтының директоры,  
«Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы  
бойынша жоғары санатты дәрігері,  
қауымдастырылған профессор, м.ғ.к.**

РАСТАЙМЫН  
Подпись  
ЗАВЕРЯЮ  
АКЦИОНЕРНО-ОБЩЕСТВО  
ДИРЕКТОРЫ  
ДИРЕКТОР ДУЧР

**Б.Омарқұлов**

